

Үштілді білім беру аясында қазақ тілінде оқитын сынып оқушыларының қазақ тілінде дағдыларының даму үдерісі

КАЛЬМЕНОВ С.У.
АҒА МЕНЕДЖЕР, M.ED.
«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ОРТАЛЫҒЫ», НЗМ ДББҰ

Шолу

- Зерттеу мақсаты мен міндеттері
- Әдебиетке шолу
- Әдістеме
- Зерттеу нәтижелері
- Қорытындылар
- Ұсыныстар

Зерттеудің мақсаты

Оқыту қазақ тілінде жүретін сынып оқушыларының қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын анықтап, деректер жинау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Оқыту қазақ тілінде жүретін сынып оқушыларының тілді білу және қолдану тәжірибелері қандай?
 2. Оқушылар қазақ тілін қаншалықты «бойына сіңіріп өсуде»?
 3. T1, T2 және T3 арасында тіларалық интерференция бар ма?
- Оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларына интерференцияның ықпалы қандай?

Неліктен зерттеу тақырыбы өзекті?

- **Біріншіден**, 2016-2017 жж сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) қорытындысы бойынша қазақ тілінде оқитын оқушылардың қазақша тілдік дағдыларына орыс және ағылшын тілдерінің әсер ететіндігі байқалған. Дегенмен, СЖБ-да интерференцияның сандық мөлшері және ауқымы қандай дәрежеде екендігі анықталмаған.
- **Екіншіден**, NIS-Programme бағдарламасы бойынша жасалған мониторинг барысында кейбір мұғалімдер оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып оқушыларының сөздік қорының жұтаңдығы байқалатыны жиі айтқанымен, оның нақты себептерін көрсетпейді.
- **Үшіншіден**, қазақ тіліне берілген мәртебе мен биік мақсаттарға қарамастан әлеуметтік желілерде және жекелеген БАҚ беттерінде кейбір қоғам өкілдері үштілді білім беру аясында қазақ тілінің дамуы мен қолданысы үшін алаңдап отыр. Мұндай алаңдаушылыққа қаншалықты негіз бар екендігін көрсететін зерттеулер тапшы.

Әдебиетке шолу

- «Тілдердің өзара тәуелділігі» гипотезасы (Камминс, 1979; 2000): оқушылардың бірінші тілдегі (T1) дағдылары жетік болса, олардың екінші/үшінші (T2/T3) тілді игеруі табысты болады, себебі T1 дағдылары T2/T3 үшін негіз болып табылады.
- С.Крашен (1982) «тілді бойына сіңіріп өсу» сол тілде дағдылар мен құзыреттіліктердің дамуына ықпал етеді.
- Проктор және басқаларының (2012) зерттеуі де оқушылардың T1-дегі оқу дағдылары мен лексикалық білімдерін T2-ге оңай ауыстыратындығын көрсетеді.
- Вайнрайх (1953) туындаған жағдаятқа қарай қостілділер екі тілді бірдей қолдана алатын жағдайларды сипаттайды.
- Шатс (2017) және Леннон (2008) қостілді меңгерген адамдарда оң және теріс интерференциялардың (бір тілдің құрылымы екінші тілге көшіріледі) кездесетіндігін көрсетеді.

Интерференция – бір тілден көп тілді білуіне байланысты қостілді/көптілді адамдардың сөйлеуінде тілдік норманы, жүйені бұзуы немесе ауытқуы.

Әдістеме

Зерттеуде сандық әдістер (сауалнама, интервью, бақылау т.б.) пайдаланылды

1204

Онлайн-сауалнама

19 Зияткерлік мектептің
11-12 сынып оқушылары

Сабақтарды бақылау

2 Зияткерлік мектепте қазақ тіліндегі
(Т1) тілдік және тілдік емес пәндер

30

20

ФГ интервью

2 Зияткерлік мектептің
11-12 сынып оқушылары

38

Жазбаша жұмыс

Жазбаша жұмыс тапсырмалары СЖБ тапсырмаларымен бірдей болды және бағалау критерийлері СЖБ бойынша тест спецификацияларына қарай бейімделді



Зерттеуде еліміздің батыс және солтүстік аймақтарында орналасқан мектептер қамтылды

Зерттеуге қатысушылар:
оқу тілі қазақ тіліндегі
сынып оқушылары




Екі мектеп өздерінің географиялық орналасуы мен демографиялық құрамы тұрғысынан, сондай-ақ сыртқы жиынтық бағалау (СЖБ) нәтижелеріне байланысты таңдалды. 2016-2017 оқу жылында қазақ тілі пәні бойынша бір мектептің СЖБ нәтижелері жоғары, ал екінші мектептің көрсеткіштері соңғы орында болды

Онлайн-сауалнама нәтижелері

- Оқыту тілі қазақ тіліндегі сыныптардағы оқушылардың қазақ тілін білу және қолдану деңгейі біркелкі еместігін көрсетіп отыр:
 - ✓ респонденттердің 94% қазақ тілін бірінші тіл (T1),
 - ✓ 6% - екінші тілі (T2) деп көрсетті.
- Екі мектепте жүргізілген сабақтарды бақылау онлайн сауалнаманың нәтижелерін растайды. 6-10% оқушы сабақты талқылау кезінде, мұғаліммен және құрдастарымен сұхбаттасқан кезде, мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде орыс тілін қолданатыны анықталды.


Бірінші тіліңіз қандай?



■ қазақ ■ орыс ■ өзбек ■ араб ■ қазақ және орыс


- Респонденттердің көпшілігі (54% -дан 68% -ға дейін) отбасында қазақ тілін қолданады. Ата-аналары мен туыстарының қазақ тілін қолдануы оқушылардың қазақ тілін «бойына сіңіріп өсуге» үлкен әсерін тигізді деп болжам жасауға болады, яғни оқушылар қазақ тілінде көп тыңдайды, тілдің қалай қолданылатынын байқайды және сондықтан өздері де сол тілді қолданады (Крашен, 1982).
- Мұндай тәжірибеден «қазақ тілі – үлкендердің ғана тілі» деген жаңсақ пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан артық фольклоризациядан аулақ болып, қазақ тілінің прогреске, жаңа технология мен заманға лайық тіл екеніне оқушылардың көзін жеткізу керек.

Төменде келтірілген адамдармен сөйлескенде сіз әдетте қай тілді қолданасыз?




Өзара қарым-қатынас кезінде тілдерді қолдану үлесі

- Орта есеппен алғанда, респонденттердің 20% (237) ата-аналарымен, туыстарымен, достарымен және құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қазақ және орыс тілдерін қатар қолданады. Мұндай практикалық тәжірибе тіларалық интерференцияға себеп болуы мүмкін.




Сөйлесім барысында тілдерді қолдану үлесі

Сауалнама және интервью нәтижелері



Кітапты көп оқу тілдік құзіреттіліктің дамуына ықпалы зор (Dalton, Gliessman, Guthrie, & Rees, 1966; Hafiz & Tudor, 1989).

Келтірілген тілдердің қайсысын күнделікті өмірде көбірек қолданасыз?



- Күнделікті өмірде респонденттер ақпарат алу үшін орыс тілін көбірек қолданады (48%).
- Түрлі жанрда орыс және ағылшын тілінде жазылған кітап пен ақпарат көп және қолжетімді.

Жазбаша жұмыс нәтижелері

- Оқушылардың басым бөлігі (95%) өз ойын сауатты түрде жеткізе алатынын, әртүрлі дәлелдер келтіріп, қарама-қарсы пікір білдіре алатынын жазбаша жұмыстарды талдау нәтижелері растады.
- Оқушылардың жазған жұмыстарында тіларалық интерференция үлгілері кездеседі (9%). Интерференция лексиканы және фразеологизмді қолдану барысында байқалады.

Интерференция үлгілері:

*Сол себептен, адамдардың көбісі ұялы телефондарды мектепте қолдануға қарсы, **басқалар** бұл технологияларды мектеп қабырғасында қолдануды жақтайды*

***Телефонның ішіне** кітаптарды.... емтихандарға дайындайтын құрал-саймандарды жүктеу арқылы өздерінің оқуға деген құштарлығын арттырады*

*Қорытындылай келе, смартфондар мен планшеттердің **қолданылмауын болдырмау керек.***

Сабақтарды бақылау

Оң тұстары

- тілдік және тілдік емес пән мұғалімдерінің сабақта тек қазақ тілін қолдануы – 100%;
- оқушылардың сабақ үстінде көбінесе қазақ тілін қолдануы;
- мектептерде және сыныптарда жағымды оқу ортасының құрылуы;
- мұғалімдердің оқытудың белсенді әдістері мен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын қолдануы - 100%;
- мұғалімдердің түрлі ресурстарды ұтымды қолдануы (түрлі жанрдағы мәтіндер, тақта, экран, презентациялар, аудио және видео материалдар және т.б.) - 100%.

- Тілді қолдану бойынша кері байланыстың болмауы - 95%;
- Диалект сөздерді қолдануы - 10% мұғалім;
- Орта мерзімді жоспарларда көрсетілген тілдік мақсаттармен ғана шектелуі - 100%;
- Тілдік емес пән мұғалімдерінің көпшілігі пән мазмұнына ден қойып, тілдік дағдыларды дамытуға, оның ішінде академиялық тілді дамытуға мән бермеуі - 80%;
- Мұғалімдердің тілдің коммуникативтік және социолингвистикалық құзіреттілікті қалыптастыру мүмкіндігіне назар аудармауы - 67%.

Жағымсыз тұстары

Қорытынды

- Зерттеу нәтижелері НЗМ-де оқушылардың тілі қостілді немесе көптілді болып қалыптасқандығын көрсетеді – 100%.
- Оқыту қазақ тілінде жүретін сынып оқушыларының тілдерді білу және қолдану деңгейі әртүрлі екенін анықтадық:
 - ✓ сөйлесім барысында қазақ тілі басымдылыққа ие (52%);
 - ✓ ақпарат алу мақсатында қолданылатын тіл, орыс тілі – 48%;
 - ✓ көркем әдебиетті оқу – орыс тілінде (26% - 51%), ағылшын тілдерінде (17 % - 40%).
- Зерттеу бойынша оқушылар үшін «қазақ тілі – отбасылық тіл, ал сырттағы қарым-қатынас тілі – орыс тілі немесе аралас тіл» деген тұжырымдама жасауға болады.

Қорытынды

- Көптеген респонденттердің қазақ тілін жетік білетініне қарамастан, күнделікті өмірде көбінесе орыс тілін қолданады (48%).

- Оқушылардың өзге тілде (орыс, ағылшын) көбірек оқуы, ақпарат іздеуі олардың қызығушылығына, деңгейіне сай келетін қазақ тіліндегі ресурстардың тапшылығын көрсетеді.

- Жазылым дағдысының даму үдерісін бақылау барысында алынған көрсеткіштер бойынша *тіларалық интерференцияның* көрінісі бар және ол шамамен 9% екенін анықтадық.

- Тіларалық интерференция лексика және тілдік норма деңгейінде байқалды.

- Мұндай интерференция себептері, ауқымы мен типологиясы қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Ұсыныстар

Тілдік және тілдік емес пән мұғалімдеріне ұсыныстар

- Сабақты жоспарлау және өткізу барысында оқушылардың түрлі тілдік деңгейіне назар аудару;
- Оқу ресурстарын оқушылардың тілдік және жас ерекшеліктеріне сай таңдау, бейімдеу;
- Академиялық тілді визуализациялау;
- Тілді қолдану бойынша кері байланыс беру;
- Фразеологиялық бірліктер мен көркемдегіш құралдарды қолданғанда мұқият болу;
- Диалектизмнен аулақ болу;
- Оқушылардың коммуникативтік әрі социолингвистикалық құзіреттіліктерін дамыту;
- Ұсынылатын тапсырмаларға тілдік және пәндік мақсаттар қою;
- Бір уақытта әрі пән мұғалімі, әрі тіл мұғалімі болу.

Ұсыныстар

Бағдарлама, оқулық
әзірлеушілерге, шешім
қабылдайтын тұлғаларға
арналған ұсыныстар

- Оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың қазақ тіліндегі дағдыларын бағалаудың кешенді құралын әзірлеу.
- Қазақ тілінде тілдік деңгей бойынша көркем шығармаларды бейімдеу.
- Балалар үшін қазақ тілінде берілетін контент сапасын жақсарту (интернет, теледидар бағдарламалары).
- Сөздік қорларды (фразеологиялық бірліктерді қоса алғанда) және академиялық тілді меңгеруге қатысты зерттеу жүргізу және сөздік қорға қатысты талаптарды әзірлеу.

Қолданылған әдебиеттер

1. Akoğlu, G., & Yağmur, K. (2016). First-language skills of bilingual Turkish immigrant children growing up in a Dutch submersion context. *International journal of bilingual education and bilingualism*, 19(6), 706-721.
2. Cummins, J. (1979). Linguistic interdependence and the educational development of bilingual children. *Review of educational research*, 49(2), 222-251.
3. Dalton, P., Gliessman, D., Guthrie, H., & Rees, G. (1966). The effect of reading improvement on academic achievement. *Journal of Reading*, 9(4), 242-252.
4. Hafiz, F. M., & Tudor, I. (1989). Extensive reading and the development of language skills. *ELT journal*, 43(1), 4-13.
5. Fierman, W. (2005). Kazakh Language and Prospects for its Role in Kazakh" Groupness". *Ab Imperio*, 2005(2), 393-423.
6. García, O. (2011). *Bilingual education in the 21st century: A global perspective*. John Wiley & Sons.
7. Cook, V. (1999). Going beyond the native speaker in language teaching. *TESOL quarterly*, 33(2), 185-209.
8. Krashen, S. D. (1981). *Second language acquisition and second language learning*. Oxford University Press.
9. Cook, V. (Ed.). (2003). *Effects of the second language on the first* (Vol. 3). Multilingual Matters.
10. Creswell, J. W. (2014). *Educational reserach: planning, conducting and evaluating quantitative and qualitative research* (fourth edition ed.). London: Pearson.
11. Cummins, J. (2000). Language, power, and pedagogy: Bilingual children in the crossfire (Vol. 23). Multilingual Matters.
12. Lightbown, P. M., Spada, N., Ranta, L., & Rand, J. (1999). *How languages are learned* (Vol. 2). Oxford: Oxford university press.
13. Mehisto, P., Kambatyrova, A., & Nurseitova, K. (2014). Three in one? Trilingualism in policy and educational practice. In D. Bridges(Eds.), *Educational reform and internatinalisation. The caseof school reform in Kazakhstan* (pp.152-177). United Kingdom, UK: Cambridge University press
14. Banegas, D. L. (2012). CLIL teacher development: Challenges and experiences. *Latin American Journal of Content & Language Integrated Learning*, 5(1), 46-56.
15. Cenoz, J., Hufeisen, B., & Jessner, U. (2001). Towards trilingual education. *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*, 4(1), 1-10.
16. Genesee, F., & Lambert, W. E. (1983). Trilingual education for majority-language children. *Child Development*, 105-114.
17. Krashen, S.D. & Terrell, T.D. (1983). *The natural approach: Language acquisition in the classroom*. London: Prentice Hall Europe.
18. Mehisto, P. (2012) 'High impact influences: considerations for trilingual education ', Paper publication for Astana conference
19. Proctor, C. P., August, D., Carlo, M. S., & Snow, C. (2006). The intriguing role of spanish language vocabulary knowledge in predicting English reading comprehension. *Journal of Educational Psychology*, 98(1), 159.
20. Shatz, Itamar (2017). *Native Language Influence During Second Language Acquisition: A Large-Scale Learner Corpus Analysis* (PDF). Proceedings of the Pacific Second Language Research Forum (PacSLRF 2016). Hiroshima, Japan: Japan Second Language Association. pp. 175–180. Retrieved 10 September 2017.
21. Lennon, P. (2008). Contrastive analysis, error analysis, interlanguage. In S. Gramley & V. Gramley (Eds.), *Bielefeld Introduction to Applied Linguistics* (pp. 51-60). Bielefeld, Germany: Aisthesis
22. Weinreich, U. (1953). *Languages in Contact*. The Hague: Mouton. ISBN 90-279-2689-1

Назар аударғандарыңызға рақмет!